Қашықтықтан басқару режимдердің сипаттамасы	58
Polaris IQ Home қосымшасының қосымша функциялары	61
Аспапты тазалау және күтім жасау	63
Тасымалдау және сақтау	65
Кәдеге жарату бойынша талаптар	65
Өткізу	65
Ақаулықтарды іздеу және жою	66
Wi-Fi-ға қосқан кездегі ақаулықтарды іздеу және жою	67
Осы аспап қауіпсіздігі бойынша нұсқаулар	68
Электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар	69
Техникалық сипаттамалары	70
Сертификаттау туралы ақпарат	71
Кепілдікті міндеттемелер	72

### **Құрметті сатып алушы!**

Сізге **POLARIS** сауда маркасының өнімін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Біздің өнімдеріміз сапа, функционалдылық пен дизайнның жоғары талаптарына сәйкес әзірленген. Сіз біздің фирмамыздың жаңа өнімін сатып алғаныңызға риза болатыңызға сенімдіміз.

Аспапты пайдалануды бастар алдында, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстарды мұқият және толық оқып шығыңыз.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен, мүмкіндігінше, картон қораппен және орауыш материалмен бірге сақтап қойыңыз.

**Назар аударыңыз!** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Пайдалану бойынша осы нұсқаулық POLARIS электрлік тұрмыстық шәйнектің, үлгісі **PWK 1746CAD WIFI IQ Home** (бұдан әрі мәтін бойынша - шәйнек, құрал) техникалық мәліметтерімен, құрылымымен, пайдалану және сақтау ережелерімен танысу үшін арналған.

## ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

1. Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тұрмыстық ғимараттың температурасы мен ылғалдылығында тұрмыстық және ұқсас қолдану үшін арналған:
  - дүкендердің, кеңселердің, фермерлік шаруашылықтар мен басқа да бөлімшелер қызметкерлері тамақтанатын пункттерінде;
  - тұрақты мекендеуге арналған жерлерде, сонымен қатар қонақ үйлер мен отельдерде;
  - жатақтар мен таңғы ас үшін арналған орындарда.
2. Аспап өндірістік және коммерциялық пайдалану үшін, сонымен қатар тағамдық емес өнімдерді өңдеу үшін тағайындалмаған.
3. Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

## ЖИЫНТЫҚТАМА

Электрлік шәйнек ауыз суды қайнату үшін тағайындалған.




Қуат көзі тұғыры бар шәйнек



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық / Кепілдік

# АСПАП СИПАТТАМАСЫ

Электрлік шәйнек ауыз суды қайнату үшін тағайындалған.



# ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ


- Шәйнекті бірінші пайдалану алдында барлық қаптама және жарнамалық материалдарды сыртынан және ішінен алып тастаңыз.
- Шәйнекті бірнеше рет суық сумен жуыңыз.
- Қуат көзі тіреуішін тегіс, таса және салқын бетке орнатыңыз.
- Шәйнекті қуат тұғырығына орнатыңыз.



**Маңызды!** Ішуге арналған шәйнектен суды пайдалану алдында, шәйнектің ішін тазалау үшін шәйнекті суын ауыстыра отырып, 2-3 рет қайнатып, қайнаған суды төгуді ұсынамыз.



Шәйнекті бірнеше рет суық сумен жуып-шайыңыз



Аспапты тегіс бетке орнатыңыз

## ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

### ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУДЫ ПАЙДАЛАНБАЙ ШӘЙНЕКТІ БАСҚАРУ

#### I. Шәйнекті сумен толтыру

- Шәйнекті сумен толтырмас бұрын, қуат көзі тіреуішінен алыңыз.
- Суық ауыз суды, оның деңгейі минимум және максимум белгілерінің арасында болатындай етіп шәйнектің тұмсығы немесе арнайы тесігі бар қақпағы арқылы құйыңыз



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қақпақ топсасының сынуының алдын алу үшін қақпақтың тесігіне кранның ұшын немесе құбырды қоймаңыз. Қақпақ оның тұтқасы шәйнектің тұтқасына қарай бағытта болатындай түрде жабық болуы тиіс. Қақпақты қалай ашу керек: қақпақтың тұтқасынан ұстап, оны жоғары қарай тарту қажет.

#### II. Шәйнекті қосу



**САҚ БОЛЫҢЫЗ!** Шәйнекті желіге қоспас бұрын, құралдың нәлінде (шәйнектің және қуат көзі тіреуішінің түбінде орналасқан) көрсетілген кернеу сіздің желінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

- Шәйнекті қуат тұғырығына орнатыңыз.
- Электрлік қосылыстарға судың тимеуін бақылаңыз.
- Желілік баусымның айырын розеткаға қойыңыз.

- Суды қайнату үшін басқару панеліндегі ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасына басып, шәйнекті қосыңыз. Бұл ретте бір дабыл беріледі және қызыл түсті ішкі жарықтандыру жанады. Су қайнағаннан кейін шәйнек автоматты түрде өшеді және қос дабыл шығады.
- Суды белгілі бір температураға дейін қыздыру үшін (30°, 35°, 40°, 45°, 50°, 55°, 60°, 65°, 70°, 75°, 80°, 85°, 90°, 95°, 100°) алдымен "+" немесе "-" түймелері арқылы қажетті температураны таңдаңыз. Содан кейін Қосу/Өшіру түймесін басыңыз - бір дыбыстық сигнал естіледі, суды қыздыру басталады (егер шәйнектегі судың температурасы таңдалғаннан төмен болса). Егер шәйнектегі судың температурасы таңдалғаннан жоғары болса, қос сигнал шығады және қыздыру болмайды, ал шәйнектің ішкі жарығы жанады.
- Таңдалған температураға байланысты жарықтандырудың түсі өзгереді:
  - $\leq 50^\circ$  - жасыл артқы жарық
  - $51^\circ$ -тан  $70^\circ$ -қа дейін – ақшыл көк артқы жарық.
  - $71^\circ$ -тан  $80^\circ$ -қа дейін - көк артқы жарық
  - $81^\circ$ -тан  $90^\circ$ -қа дейін - күлгін артқы жарық
  - $90^\circ$ -тан  $100^\circ$ -қа дейін - қызыл артқы жарық
- Қыздырудың «Балалар қоспасы» -  $40^\circ$  режимді таңдағанда шәйнекті 1л белгісінен кем толтырмау ұсынылады.
- Су температурасын максималды дәл анықтау үшін қыздырғыш элементті қақтан уақтылы тазалауды жүргізу қажет.

### ВНИМАНИЕ!



Шәйнекті абайсызда сусыз қоссаңыз, бірнеше (~20..25) секундтан кейін қызып кетуден қорғау жүйесі жұмыс істейді, қыздыру тоқтайды және басқару панелі сөнеді. Шәйнекті одан әрі қолданар алдында оны қуат көзінен алып тастаңыз және қыздыру элементін шамамен 30 минут суытыңыз, содан кейін шәйнекті суық сумен толтырыңыз.

1

MAX  
MIN

Суық суды шүмек немесе қақпақ арқылы құйыңыз. Min және max деңгейін қадағалаңыз.

Қақпақ тесігіне шүмектің ұштығын кіргізбеңіз

2

~220В

Суды қайнату үшін шәйнекті Қосу/Өшіру түймешігімен қосыңыз.

Қосу/Өшіру түймесі

3

Қалаулы температураны таңдау үшін "+" немесе "-" батырмаларды басыңыз.

4

80° C

Таңдалған температураға байланысты жарықтандырудың түсі өзгереді

5

2 x - Бун!

Температураға жеткеннен кейін судың қыздырылуы тоқтатылады, қос сигнал естіледі

Сусыз қоспаңыз!

Назар аударыңыз! Шәйнекте сусыз іске қосудан қорғау жүйесі қарастырылған!

- Қыздыруды өшіру үшін су қайнамай тұрып немесе таңдалған температураға жеткенше ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорлық түймесін қайта басыңыз. Бір дыбыстық сигнал естіледі және қыздыру өшеді.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** су қызып жатқанда шәйнекті тұғырдан алуға болмайды. Алдымен ҚОСУ/ӨШІРУ сенсорлық түймесі арқылы қыздыруды өшіріп, содан кейін ғана шәйнекті тұғырдан алып тастау керек.

### III. Жылуды сақтау функциясы

- Судың температурасын 30°, 35°, 40°, 45°, 50°, 55°, 60°, 65°, 70°, 75°, 80°, 85°, 90°C 95°, 100 градуста ұстауға болады. °.
- Су температурасын сақтау функциясын қосу үшін «+» және «-» сенсорлық түймелерін пайдаланып қажетті температураны таңдаңыз
- «Температураны сақтау» сенсорлық түймесін басыңыз, сонда түйме индикаторы жыпылықтай бастайды.
- Су температурасын қолдау функциясын белсендіру үшін Қосу/Өшіру сенсорлық түймесін басыңыз.
- Таңдалған температураға байланысты колбаның ішкі жарықтандыруы жанады;
- Су температурасын сақтау функциясын өшіру үшін қосу/өшіру сенсорлық түймесін басыңыз, бір сигнал естіледі, колбаның ішкі жарығы өшеді және «Температураны күту» индикаторы жыпылықтауын тоқтатады.
- Судың температурасын ұстап тұру ұзақтығы 2 сағатты құрайды, содан кейін шәйнек автоматты түрде өшеді.



**Назар аударыңыз!** Судың температурасын барынша дәл бақылау және оның белгіленген деңгейден асып кетуін болдырмау үшін, шәйнек қыздыру режимінде жұмысты уақытша тоқтатып, кейін өздігінен қайта жалғастыруы мүмкін. Бұл шәйнектің қалыпты жұмысы, құрылғының ақаулы екенін білдірмейді.

**A** Мәжбүрлі өшіру

1x - Бип!

Шәйнекті белгіленген температураға дейін сөндіру үшін – Қосу/Өшіру түймесін басыңыз.

**B** ЖЫЛУДЫ ҚОЛДАУ функциясын қосу

Қажетті температура деңгейін "+" және "-" түймелерімен таңдаңыз

**C**

40° C

Таңдалған температураға байланысты жарықтандырудың түсі өзгереді

**D** Жылу қолдауды өшіру

НАЖМИТЕ

Қосу/Өшіру түймесін басыңыз. 1 дыбыстық сигнал естіледі

**E** 2 сағат

Температураны ұстаудың ұзақтығы 2 сағ, содан кейін шәйнек автоматты түрде сөнөді

Настройки

Подсветка Защита от детей

Расписание **Беззвучный**

Шәйнектің дыбыстық сигналдарын Polaris IQ Home қосымшасы арқылы сөндіруге болады

## IV. Шәйнекті сөндіру

- Су қайнағаннан кейін шәйнек автоматты түрде сөнеді.
- Қос сигнал естіледі және ішкі жарықтандыру сөнеді.
- Мобильді қосымшаға қыздыру аяқталғаны туралы push-хабарландыру келеді.
- Қажет болған жағдайда, ҚОСУ/ӨШІРУ түмесін басып, сіз шәйнекті қолмен сөндіре аласыз, жеке сигнал естіледі, қыздыру тоқтатылады.
- Бір суды екі рет қайнатпау ұсынылады.



### Назар аударыңыз!

Ол өшірілгенше шәйнекті тіреуіштен алып тастамаңыз.

- Шәйнектен суды біртіндеп төгіп тастаңыз. Ішінде қайнаған су бар екенін ұмытпаңыз.
- Шәйнекті тек тұтқасынан ұстаңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!!!** Физикалық процестермен байланысты себептерден тұғырықта бірнеше миллилитрге дейінгі көлемде конденсацияланған су жиналуы мүмкін. Бұл бу конденсациялануының толығымен қауіпсіз қалыпты құбылысы және де шайнектен су ағатынын көрсетеді.



**Назар аударыңыз!** Күту режимінде, сондай-ақ шәйнек жұмыс істеп тұрған кезде, тұрақты жұмыс істейтін Wi-Fi модуліне байланысты басқару панелі сәл қызуы мүмкін (модульді мәжбүрлі түрде өшіру мүмкін емес). Бұл толығымен қауіпсіз және шәйнектің ақаулы екенін білдірмейді.



Су қайнағаннан кейін шәйнек автоматты түрде сөнеді. 2-ші сигнал беріледі



Қос./Сөнд. батырмасының көмегімен қолмен сөндіруге болады.



Мобильді қосымшадағы қыздыру аяқталғаны туралы Push-хабарландыру



Тұғырықта конденсат жиналуы мүмкін. **БҰЛ ҚАЛЫПТЫ ҚҰБЫЛЫС!**



### Есіңізде болсын!

Судың шашырауына жол бермеу үшін шәйнекті судың тегіс, орташа тегеурінімен толтыруды ұсынамыз. Суқұбыр шүмегін толық күшімен іске қосуды ұсынылмайды!

## ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР

PWK 1746CAD WIFI IQ Home сіздің денсаулығыңызды бақылауға көмектесетін қосымша функциялармен жабдықталған.

### «Ескі су» хабарламасы \*

Егер бұл ескерту пайда болса, бұл шәйнекке судың 6 сағат бұрын толтырылғанын білдіреді.

Мұндай су бірнеше рет қайнатылған болуы мүмкін және қажетті мөлшерде қажетті минералдар жоқ.

IQ Home қосымшасын пайдаланғанда смарт-құрылғыға push-хабарлама түріндегі хабарландыру келеді 

«Өлі су»\* хабарламасы


Егер бұл ескерту пайда болса, бұл шайнекке судың 25 сағат бұрын толтырылғанын білдіреді.

Мұндай суды тамақ дайындау үшін пайдалану ұсынылмайды. Шәйнекті қоспас бұрын суды ауыстырыңыз.

\*Хабарлама үшін кері санақ шәйнекті базадан соңғы шығарған сәттен басталады.


## ДЫБЫСТЫ СӨНДІРУ

- Шәйнек дыбыстық әсерлермен жабдықталған. Олар әдепкі қалпы бойынша орнатылған. Бірақ қалау бойынша оларды сөндіріп қоюға болады.




## БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫ

- Дыбыстық сигналға дейін «-» және "Қыздыру режимін" түймелерін басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.
- Сіз 2 қысқа дыбыстық сигнал естисіз.
- Батырмаларға басу әрекеті жағдайында, ұзақ дыбыстық дабыл шығады
- Режимнен шығу үшін „--“ және "Қыздыру режимін" түймешіктерін 5 секунд бойы басыңыз және ұстап тұрыңыз, ұзақ дыбыстық сигнал естілуі керек.



# ҚАШЫҚТЫҚТАН БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫН БАПТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

- Бұл аспапта Polaris IQ Home әмбебап қосымшасы арқылы мобильді құрылғы көмегімен кері байланысы бар қашықтықтан басқару функциясы бар
- Өзіңіздің телефоныңызға «POLARIS: IQ home»  тегін мобильді қосымшасын орнатыңыз



**Keңес!** Қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар Wi-Fi желісіне қосылғанына көз жеткізуді сұраймыз.

Үйдегі Wi-Fi желісі болмаған жағдайда үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін мамандырылған компанияға жүгініңіз.

Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц **жиілікте жұмыс істеу керек, желі режимі 802.11 b/g/n орнатылған болуы керек.**

Сонымен қатар Сіз қосымшаны [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru) сайтынан осы модельге арналған бөлімнен сілтеме бойынша жүктей аласыз.

Қосымшаны пайдалана отырып, Сіздің қолыңыздан келеді:

- ✓ Шәйнекті тіркеу
- ✓ Қайнау кестесін күйге келтіру
- ✓ Жылуды ұстау режимін орнату
- ✓ Балалардан қорғау режимін орнатыңыз
- ✓ Шай рәсімін ұйымдастыру
- ✓ Шәйнектегі судың ескі емес екенін бақылау
- ✓ Шайдың әр түріне арналған судың температурасын орнату
- ✓ Ақылды қайнату режимін орнату
- ✓ Құрылғыны күйге келтіру бойынша нұсқаулыққа кііру
- ✓ Жиі қойылатын сұрақтарға жауап табу
- ✓ БЖ автоматты жаңартуларын алу
- ✓ Қолдау қызметіне хабарласу



## Маңызды!

Егер бағдарлама сізге ұсынса, шәйнектің бағдарламалық жасақтамасының жаңа нұсқасын үнемі жүктеп алыңыз.

# NFC қосылыстың көмегімен қосылу

NFC модулімен смартфондардың соңғы модельдері жабдықталған, ол арнайы баптауларды және белсендіруді керек етпейді – телефонды басқа құрылғыға жақындату жеткілікті.

## Жұмыс тәртібі:

1. «POLARIS IQ HOME» қосымшасын орнатқаннан кейін смартфонныңды ылғалдандырғыш панеліндегі «NFC» стикеріне жақындатыңыз.
2. Смартфон экранында \*Push-хабарландыру шығады, оған көшіңіз, келесі экранда смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, сізге осы желінің құпиясөзін енгізу қажет болады.

### \*ЕГЕР PUSH-ХАБАРЛАНДЫРУ ШЫҚПАСА:

- a) Телефонды бұғаттан шығарыңыз
- b) Құрылғы мен смартфон арасындағы түйіндесуге ештеңе кедергі жасамайтынына (қалың тысқап, карталар және т. б.) көз жеткізіңіз
- c) Телефонды датчиктің жанында әртүрлі бұрыштап жылжытып көріңіз.

IOS операциялық жүйесі бар смартфон үшін қосылуды «Құрылғыны қосу» арқылы жүргізуге болады, әрі қарай «NFC» таңдап, содан кейін смартфонды конфигурациялағыңыз келген желіні таңдап, осы желінің құпиясөзін енгізу қажет.

3. Содан кейін қосылуды растау керек, бұл үшін смартфонныңды тағы бір рет ылғалдандырғыш панеліндегі «NFC» стикеріне жақындату керексіз.
4. Дайын, құрылғы қосылды

Құрылғы қосылған болса, осы құрылғыға басқа смартфонды қосу үшін оны жай ғана NFC датчигіне жақындатыңыз, бұдан кейін қосылу автоматты түрде орындалады.



## МАҢЫЗДЫ!

Егер смартфонның NFC қолдаса, NFC функциясын пайдалану мүмкін.



1  
Телефонды тұтқаның ортасына қойыңыз




2  
Смартфон экранында \* Push хабарландыруы пайда болады, оны басыңыз




3  
Құрылғы конфигурациясы үшін желіні таңдаңыз



4  
Для подтверждения соединения – снова поднесите телефон к метке NFC



5  
Конфигурация сәтті аяқталды



6  
Оны пайдаланудан рахат алыңыз!

**\*Егер Push-хабарландыру келмесе:**

- I. Телефонды бұғаттан шығарыңыз
- II. Тысқапты шешіңіз (егер киілген болса)
- III. Телефонды NFC датчигінің жанында әртүрлі бұрыштап жылжытып көріңіз


## Қолмен қосу (тек қана iOS үшін)



A  
Негізгі экран - >Құрылғыны қосыңыз



B  
iOS операциялық жүйесі бар телефондар үшін – «Құрылғы қосу» бөлімі арқылы қолмен қосылыңыз



C  
Құрылғы конфигурациясы үшін желіні таңдаңыз




D  
Қосылымды растау үшін телефонды NFC тегіне қайта түрті

## Шәйнекті WiFi желісіне қосуды баптау



**Назар аударыңыз:** шәйнекті базаға алдын ала орнатыңыз.


- Шәйнекті желіге қосыңыз
- Қосу батырмасына басыңыз
- Мобильді құрылғыдағы Polaris IQ Home қосымшасын ашыңыз



1  
Шәйнекті базаға орнатыңыз және желіге қосыңыз




2  
Телефонды үйдегі WiFi үй желісіне қосыңыз




3  
«POLARIS IQ HOME» мобильді қосымшасын жүктеңіз және орнатыңыз



4  
Polaris IQ Home қосымшасын ашыңыз



5  
Қосымшаға телефонның сұратылатын функцияларына қолжетімділік беріңіз



6  
Авторлану үшін смс хабарлама жіберілген тел. нөмірін енгізіңіз немесе телефонның есептік жазбасы бойынша кіріңіз



**Кеңес!** Қосуды баптар алында Сіздің телефоныңыз үйдегі бар Wi-Fi желісіне қосылғанына көз жеткізуді сұраймыз.


Үйдегі Wi-Fi желісі болмаған жағдайда үй желісін құру (роутерді орнату және интернетті қосу) үшін мамандырылған компанияға жүгініңіз.

Үйдегі желінің роутері 2,4 ГГц жиілікте жұмыс істеу керек, желі режимі **802.11 b/g/n** орнатылған болуы керек.

# Android операциялық жүйесі бар телефондар (10 нұсқаға дейінгі) үшін




## Жаңа құрылғыны конфигурациялау

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен PWK 1746CAD шәйнекті таңдаңыз
- Телефондағы WiFi баптауларды ашу үшін «Баптауларды ашу» батырмасына басыңыз
- Телефонды бағдарлама ұсынған WiFi желісіне қосыңыз (PWK 1746CAD)
- Қосымшаға қайта оралыңыз
- Келесі экранда Құрылғымен түйіндесуді жүргізіңіз:
  1. Аспап корпусындағы «+» және «-» түймелерін басыңыз және дыбыстық сигнал естілгенше ұстап тұрыңыз (WiFi индикаторы тез жыпылықтай бастайды).
  2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
    - Тізімнен өзіңіз баптағыңыз келген WiFi желісін таңдаңыз немесе құрылғының атауын теріңіз және құпиясөзін көрсетіңіз, содан кейін «Қосылу» басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.
    - Қосымшада «Жалғастыру» батырмасына басыңыз



## Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Желіде» деген тізімінен шәйнекті (PWK 1746CAD) таңдаңыз (Егер құрылғы желіде жоқ болса - Сізде құрылғы конфигурацияланған WiFi желісі қосылғанына көз жеткізіңіз)
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  - «+» және «-» түймелерін дыбыстық дабылға дейін басып, ұстап тұрыңыз (Wi-Fi жылдам жыпылықтай бастайды).
  - Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз




### Есіңізде болсын!


Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық, бұйым мен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді. **Осыған байланысты Сіз экранда көріп тұрғаныңыз осы Нұсқаулықта жазылғанынан ерекшеленуі мүмкін.**

# Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі)

- «+» және «-» және «ҚОСУ/ӨШІРУ» түймелерін басыңыз жән басып ұстаңыз, қос сигнал беріледі.
- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен шәйнекті (PWK 1746CAD) таңдаңыз.
- Телефондағы WiFi баптауларды ашу үшін «Баптауларды ашу» батырмасына басыңыз
- Телефонды PWK 1746CAD желісіне қосыңыз
- Қосымшаға қайта оралыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. «+» және «-» түймелерін басыңыз және дыбыстық сигналға дейін басып ұстаңыз (Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды).
  2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
    - Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: "Конфигурацияны қалдыру және жалғастыру" - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе "Құрылғыны қайта конфигурациялау" - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
    - Егер Сіз «құрылғыны қайта конфигурациялауды» таңдаған болсаңыз: құрылғыны күйге келтіргіңіз келетін WiFi желісінің атауы мен құпия сөзін енгізіп, «Қосу» батырмасын басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.




«+», «-», Қосу/Өшіру түймелерін басып, 2 дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз



«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз



Тізімнен шәйнекті таңдаңыз PWK 1746CAD









«+», «-» түймелерін басып, 1 дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз



Құрылғыны басқа желіге қайта конфигурациялау




# IOS және Android операциялық жүйесі бар телефондар (10 және одан жоғары нұсқалар) үшін Жаңа құрылғыны конфигурациялау

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен шәйнекті (PWK 1746CAD) таңдаңыз
- «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада “PWK 1746CAD” WiFi желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу» түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. «+» және «-» түймелерін басыңыз және дыбыстық сигналға дейін басып ұстаңыз, Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.
  2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
    - Қолжетімді WiFi желілері бар экран көрсетіледі. Қажетті желіні таңдаңыз және құрылғыны баптағыңыз келген WiFi желісінің құпиясөзін енгізіңіз және «одан әрі» басыңыз
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.
    - «Жалғастыру» басыңыз




## Бұрын конфигурацияланған құрылғыны түйістіру

- «Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз.
- «Сіздің жаныңызда» деген тізімде шәйнекті (PWK 1746CAD) таңдаңыз (Егер құрылғы желіде жоқ болса - мобильді құрылғы конфигурацияланған WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз).
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. «+» және «-» түймелерін басыңыз және дыбыстық сигналға дейін немесе Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтай бастағанша ұстап тұрыңыз.
  2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз




# Құрылғыны басқа WiFi желісіне қайта конфигурациялау (диагностикалау режимі)

- «+/-» және «ҚОСУ/ӨШІРУ» түймелерін басып, ұстап тұрыңыз, қос сигнал беріледі.
- «Үй» экраны «Жаңа құрылғы» батырмасын басыңыз.
- «Барлық құрылғылар» тізімінен шәйнекті (PWK 1746CAD) таңдаңыз. «Жалғастыру» басыңыз
- Қосымшада “PWK 1746CAD” WiFi желісіне қосылуға сұрату шығады, «Қосу»
- түймесін басыңыз
- Келесі экранда Сізден Құрылғымен түйістіруді жүргізуді сұрайтын болады:
  1. «+» және «-» түймелерін басыңыз және дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз, Wi-Fi индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.
  2. Содан кейін қосымшада «Жалғастыру» түймесін басыңыз
    - Ашылған экранда қалаған әрекетті таңдаңыз: "Баптауды аяқтау" - бұндай жағдайда телефон ағымдағы WiFi желісіне конфигурацияланған күйі қалады, бірақ сіздің телефоныңыз оны ғаламтор желісі арқылы басқара алады, немесе "Қайта күйге келтіру" - мұндай жағдайда Сізге құрылғыны жаңа WiFi желісіне конфигурациялау ұсынылатын болады.
    - Егер сіз "Қайта күйге келтіруді" таңдаған болсаңыз: құрылғыны күйге келтіргіңіз келетін WiFi желісінің атауы мен құпия сөзін енгізіп, «Қосу» түймесін басыңыз.
    - Конфигурациялау рәсімі аяқталғанша күте тұрыңыз.




«+», «-», Қосу/Өшіру түймелерін басып, 2 дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз



«Үй» экраны: «Құрылғыны қосу» батырмасын басыңыз



Тізімнен шәйнекті таңдаңыз PWH 1841 CGLD




«+», «-» түймелерін басып, 1 дыбыстық сигналға дейін ұстап тұрыңыз



Құрылғыны басқа желіге қайта конфигурациялау

# ШӘЙНЕКТІ WIFI ЗАУЫТТЫҚ БАПТАУЛАРЫНА ҚАЙТАРУ



«+/-» және «Қосу/Өшіру» түймелерін басыңыз және басып ұстаңыз, қос дабыл беріледі, содан кейін үш сигнал беріледі - шәйнек зауыттық баптауларға қайта оралды.



«+», «-» түймелерін басып,  2 және 3 дыбыстық сигналдарға дейін ұстап тұрыңыз 

## ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ РЕЖИМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

### Шәйнектің қосымшада қолжетімді функционалы

1. Қайнату
2. Қыздыру
3. Ұстап тұрып қыздыру
4. IQ қайнату
5. Білте шам
6. Жарықтандыру
7. «Балалардан қорғау» функциясы
8. Кесте
9. Шай рецепттерінің кітабы
10. Шайдың алуан түрлері үшін температура режимін орнату:

- Қара шай
- Еритін кофе
- Гүлді шай
- Қызыл шай
- Улун
- Шөп шай
- Балалар қоспасы
- Көк шай
- Пакеттелген шай
- Пуэр
- Ақ шай



Шайдың әртүрлі түрлеріне арналған алдын ала орнатымдар



**Ескертпе:** Қосымшада қолжетімді функциялардың жиынтығы мен атаулары қосымшаның нұсқасын және құрылғының бағдарламалық жасақтамасын өзгерткен кезде қолданушыны ескертпестен өзгеруі мүмкін.

## РЕЖИМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

### 1. ҚАЙНАТУ

Осы режимді таңдап, «Старт» түймесін басыңыз. Шәйнек автоматты түрде суды 100°C-ге дейін қайнатады

### 2. ҚЫЗДЫРУ

Бұл режимді таңдаған кезде қажетті температураны орнатыңыз "Стартты" басыңыз Шәйнек суды кез келген таңдалған температураға дейін қыздырады

### 3. ҰСТАП ТҰРЫП ҚЫЗДЫРУ

«Сақтаумен жылыту» режимін таңдаңыз. Шәйнек 2 сағат ішінде базадан шығарылғанға дейін мезгіл-мезгіл қыздыру арқылы берілген температураны сақтайды.

### 4. IQ ҚАЙНАТУ

Polaris IQ Home App қосымшасында "IQ қайнату" режимін таңдаңыз. "Старт" түймесін басыңыз Су қыза бастайды, қыздыру процесі судың температурасы 80°C-қа жеткенде бірнеше секундқа уақытша үзіледі. Сіз дыбыстық сигнал естисіз. Температура 90°C-ге жеткенде де солай болады, бұл режимде қайнау процесі әдеттегіден сәл ұзағырақ болады. Бұл режимде судың минералдануының оңтайлы дәрежесіне жетеді, ол қайнағаннан кейін мүмкін болады.


Бұл режимнің ерекшеліктері туралы толығырақ polar.ru сайтынан біле аласыз

### 5. БІЛТЕ ШАМ

Артқы жарық түсін таңдау үшін Polaris IQ Home қолданбасын пайдаланыңыз: параметрлер > артқы жарық > түсті таңдау > негізгі басқару экранына оралу > БІЛТЕ ШАМ режимі > бастау

### 6. ЖАРЫҚТАНДЫРУ

«Жарықтандыру» функциясын таңдап, шәйнек қыздыру/қайнату кезінде белгілі бір режим жұмыс істеп тұрған кезде жарықтандырылады




## БАПТАУ

### 1. «БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАУ» ФУНКЦИЯСЫ

«Балалардан қорғау» функциясын таңдап, Сіз дыбыстық сигнал естисіз.

Шәйнектің барлық батырмалары құлыпталады және оларға басқан кезде ешқандай функция орындалмайды

Батырмаларды басқан кезде дыбыстық сигнал естіледі.



## 2. КЕСТЕ


- Егер сіз шамамен бір уақытта шай ішсеңіз, судың қайнау/қызу кестесін орнатыңыз және сізге шәйнектің қайнауын күтудің қажет жоқ. Ол үшін қосымшада «Кесте» параметрін таңдаңыз, смартфонның жоғарғы оң жақ бұрышындағы «+» батырмасын басыңыз, уақытты, аптаның күндерін белгілеңіз және қалауыңызға сәйкес режимді таңдаңыз. Белгіленген уақытқа дейін су әрқашан дайын болады.



**Назар аударыңыз!** Бұл функция жұмыс істеуі үшін шайнектің суы әрқашан ең төменгі рұқсат етілген деңгейден төмен болмайтынына көз жеткізіңіз.

## 3. РЕЦЕПТИЛЕР

- Шай дайындаудың әртүрлі рецепттерін пайдаланыңыз




## АЛДЫН АЛА ОРНАТЫМДАР

Сіз өзіңіз қалаған сусынды таңдай аласыз, ал су автоматты түрде қажетті температураға дейін қызады.

Келесі алдын-ала орнатылған параметрлер бар:






- Қара шай
- Балалар қоспасы
- Еритін кофе
- Көк шай
- Гүлді микс
- Пакеттелген шай
- Қызыл шай
- Пуэр
- Улун
- Ақ шай
- Шөп шай

Режимдерді белсендіру үшін "Стартты" басыңыз



# ҚОЛДАНБАНЫҢ ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 1. Жылдам іске қосудың панелі:** аспаптың бетінде қосымшаның төменгі жағында таңдалған бағдарламалар мен режимдерді жылдам іске қосуға арналған төрт ұяшығы бар панель орналасқан. Осы панельге Сізге ұнаған кез келген режимді орналастыру үшін жай ғана оның батырмасын басыңыз және, саусақтарыңызды босатпай, панельге тасымалдаңыз.
- 2. Аспапқа қолжетімділік құқықтарын бақылау:** құқықтарды бақылауды іске қосу үшін Сіз қосымшадағы құрылғы бетіне өтіп, жоғарғы оң жақ бұрыштағы параметр таңбасын («жұлдызша») басып, «Құқықтарды басқару» тармағын таңдап, «Құқықтарды басқаруды қосу» ажыратқышын «Қосылған» күйге ауыстыру керексіз. Осыдан кейін Сіз автоматты түрде оған толық қолжетімділік құқығы бар құрылғы әкімшісі боласыз, барлық басқа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады. Сіз әр пайдаланушы үшін жеке кіру деңгейін анықтай аласыз. Құрылғыны басқару функциясын іске қосқаннан кейін құрылғыға қосылатын барлық жаңа пайдаланушылар «Қарап шығу» кіру деңгейіне ие болады және құрылғыны Сіз немесе аспаптың басқа әкімшісі осы пайдаланушыға тиісті басқару құқығын бергенге дейін басқара алмайды.



## Ескертпе!

Шәйнектің дыбыстық сигналдарын Polaris IQ Home қосымшасы арқылы сөндіруге болады

**3. Құрылғымен бөлісу мүмкіндігі:** Сіз өзіңіздің құрылғыңызды басқаруды Polaris IQ Home қосымшасы орнатылған кез келген адаммен жай ғана бөлісе аласыз. Бұл үшін Сізге қосымшадағы құрылғы бетіне кіріп, оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басу, «Құқытарды бақылау» тармағын таңдау және оң жақ жоғарғы бұрыштағы «Бөлісу» символына басу қажет. Осыдан кейін Сіз экранда осы құрылғының QR кодын көресіз.

Қабылдайтын тарап осы QR кодты сканерлеуі үшін, ол қосымшаның басты экранында «Жаңа құрылғы» түймесін басу керек және шыққан терезеде оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басу қажет. Содан кейін телефон камерасын жіберетін тарап ұсынған QR кодқа бағыттау қажет және жүйе берген сыбырларды орындау керек.

QR кодты кез келген ыңғайлы әдіспен жіберуге болады: пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер. Аспаптың QR коды аспапта Reset режимі іске қосылғанша өзгеріссіз қалады. Reset-тен кейін ескі QR коды енді әрекет етпейді.

**4. Қолдау қызметімен байланыс:** «Бейін/Қолдау/кері байланысқа» өтіп, өзіңіздің хабарламаңызды қалдыру қажет.

**5. Қосылу күйін мониторингтеу:** аспап баптауларында тиісті батырмаға басып, желінің барлық учаскелеріндегі қосылу сапасын бағалауға және ұсыныстар алу мен қосымша баптаулар жүргізуге арналған әмбебап көмекшіні іске қосуға болады.

The image consists of six panels arranged in a 2x3 grid, illustrating the steps to share the device and access support services. Each panel includes a screenshot of the app interface with a red box highlighting the relevant element and a blue box with explanatory text below it.

- Panel 1 (Top Left):** Screenshot of the main app screen showing a temperature control interface. A red box highlights the gear icon in the top right corner. A hand icon points to it. Below the screenshot, the text reads: "Оң жақ жоғарғы бұрыштағы баптау символына («жұлдызша») басыңыз".
- Panel 2 (Top Middle):** Screenshot of the "Добавить устройство" (Add device) screen. A red box highlights the QR code scanner icon in the top right corner. A hand icon points to it. Below the screenshot, the text reads: "Оң жақ жоғарғы бұрыштағы сканер пиктограммасына басыңыз".
- Panel 3 (Top Right):** Screenshot of the QR code sharing screen. A QR code is displayed, and the code "PWK-1841 CGLD" is shown below it. Below the screenshot, the text reads: "QR-кодты кез келген ыңғайлы тәсілмен жіберуге болады".
- Panel 4 (Bottom Left):** Screenshot of the "Мои устройства" (My devices) screen. A red box highlights the "Добавить устройство" (Add device) button at the bottom. A hand icon points to it. Below the screenshot, the text reads: "Қолдау қызметімен байланысу үшін – «Бейінге» көшіңіз".
- Panel 5 (Bottom Middle):** Screenshot of the "Поддержка" (Support) screen. A red box highlights the "Обратная связь" (Feedback) option. Below the screenshot, the text reads: "«Кері байланыс» басыңыз және өзіңіздің хабарламаңызды құрастырыңыз".
- Panel 6 (Bottom Right):** Screenshot of the "Состояние сети" (Network status) screen. It shows a diagram of the network connection between the device and the cloud. Below the screenshot, the text reads: "Сапаны тексеру үшін «Желінің күйі» басыңыз".

# АСПАПТЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

1. Шәйнекті желіден өшіріп, оны суытыңыз.
2. Шәйнектің сыртын дымқыл шүберекпен сүртіңіз.



**Назар аударыңыз!** Шәйнекті, баусымды, айырды немесе қуат тұғырығын ешқашан суға батырмаңыз.

### 3. Қақты жою

- Судың құрамындағы тұзға байланысты шәйнектің түбінде және қабырғаларында қақ пайда болады. Қақ пен шөгінділердің болуы үнемі тексеріліп, уақытында алынып тасталуы керек. Егер сіздің шәйнегіңіз суды ұзақ уақыт қайнатса, қайнаудан бұрын өшіп қалса немесе жұмыс кезінде шамадан тыс дыбыс шығарса, бұл қақтан тазарту керек дегенді білдіреді. Қақтың пайда болуы судың қаттылығына байланысты.
- Айына кемінде 1 рет қақтан тазалау жүргізіңіз.

**Сіздің шәйнегіңізді қақтан тазалау үшін лимон қышқылының ерітіндісін пайдалануға болады:**

- 25 г лимон қышқылын 0,5 л ыстық сумен араластырыңыз.
- Сұйықтықты шәйнекке құйыңыз.
- 15 минутқа қалдырыңыз.
- Шәйнекті екі-үш рет суық сумен шайыңыз.
- Қажет болған жағдайда, тазалауды қайталаңыз.

**Сіздің шәйнегіңізді қақтан тазалау үшін сіркесудың әлсіз ерітіндісін пайдалануға болады:**

- Судың 2/3 бөлігін және 6% сіркесуының 1/3 бөлігін араластырыңыз.
- Бұл ерітіндіні қыздыру элементі жабылатындай етіп шәйнекке құйыңыз, 20 минут үзіліспен 2 - 3 рет қайнатыңыз.
- Шәйнекті екі-үш рет таза сумен шайыңыз және құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Қажет болған жағдайда, тазалауды қайталаңыз.




**Есіңізде болсын!** POLARIS PCDL 1010 ECO шәйнектерінде қақты кетіру үшін арнайы әзірленген құралдарды пайдалануды ұсынамыз. Қақаты кетіруге арналған POLARIS PCDL ұнтағы, лимон қышқылына қарағанда, тиімдірек және, сірке қышқылына қарағанда, жебірлігі төменірек болады. Оның құрамына қышқылдардың арнайы қоспасы кіреді, ол қақты, тұзды және минералды шөгінділерді 1 қолданғаннан абайлап, алайда тиімді кетіруге мүмкіндік береді, тоттануды тудырмайды, осымен аспаптың қызмет ету мерзімін ұзартады. Құрал РФ-да дайындалған және Бірыңғай санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді.




Шәйнекті желіден өшіріп, оны суытыңыз.



Ылғал матамен сүртіп алыңыз



Қақты кетіруге арналған ерітіндіге су қосып араластырыңыз. Көрсетілген уақытқа қалдырыңыз



Шәйнекті екі – үш рет таза сумен шайыңыз. Матамен сүртіп алыңыз



### Назар аударыңыз!

Шәйнекті тазарту үшін ешқашан агрессивті немесе абразивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

### Шәйнектің түбіндегі жабынға сызат түсірмеңіз!

Шәйнекті қақтан тазалауға арналған ұнтақты қолданған кезде, суды ұнтақты өндірушінің ұсыныстарына сәйкес қосыңыз. Бұл өнімдерді ешқашан сусыз қолданбаңыз.



Барлық тиеу / түсіру / төгу жұмыстарын тек шайнек желіден ажыратылған жағдайда ғана орындаңыз.

## 4. Сүзгіні тазалау

- Тіреуішті желіден ажыратыңыз және шәйнекті негізден алыңыз. Қалған суды төгіңіз Шәйнекті ыстық болса суытыңыз.
- Шәйнектің сүзгі бекітілген қақпағын шешіп алыңыз.
- Сүзгіні судың ағыны астына қойып, жұмсақ щеткамен кірді ақырын алып тастаңыз (жинаққа кірмейді).
- Шәйнектің қақпағын орнына орнатыңыз




### Сақ болыңыз!


Шайнекте ыстық су бар кезде сүзгіні алып тастамаңыз.




1  
Тіреуішті желіден ажыратыңыз және шәйнекті негізден алыңыз. Қалған суды төгіңіз




2  
Шәйнекті ыстық болса суытыңыз




3  
Шәйнектің қақпағын ашыңыз




Сүзгі ысырмасын шүмектің бүйіріне қарай басыңыз, оны жоғары қарай тартып алыңыз



4  
Сүзгіні судың ағыны астына қойып, ластануды жұмсақ щетканың көмегімен абайлап кетіріңіз



5  
Шәйнектің қақпағын орнына орнатыңыз



Аспапты суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. ПММ-да жумаңыз

# ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

- Электр құралдарын осы түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау және механикаландырылған тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ететін ережелерге сәйкес тасымалдайды. Құрылғыларды тасымалдау кезінде зақымданудан қорғаныс - өнімнің сапасы мен тұтынушылық тараның сыртқы көрінісі қамтамасыз етілуі керек.
- Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.
- Электр құралдары қоршаған ортаның плюс 40°C-ден аспайтын температурасы және 70%-дан аспайтын ылғалдылығы бар жабық, құрғақ және таза бөлмеде, қоршаған ортада құрылғылардың материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа булар жоқ жерде сақталады.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Аспапты одан әрі кәдеге жарату үшін, мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.



Сіздің аспабыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.

## ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

# АҚАУЛЫҚТАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Мәселе	Себебі	Жою тәсілі
Шәйнек су қайнағанға дейін сөніп қалады	Қыздыру элементінде қақ пайда болды	5-бөлімдегі нұсқауларға сәйкес шәйнекті қақтан тазалаңыз. «Тазалау және күтім»
	Желілік розетка жұмыс істемейді	Шәйнекті басқа розеткаға қосыңыз
	Қуат баусымы зақымдалған	Жөндеу үшін немесе ауыстыру үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз
Шәйнек қосылмайды	Шәйнектің кезінде,	сусыз қосылуы қорғаныс іске қосылды
Шәйнек қыздыруды бірнеше рет қосып-өшіріп, ұзақ қайнайды.	Судың қызып кетуіне жол бермеу үшін, шәйнек мезгіл-мезгіл қыздыруды өшіреді.	Су температурасының белгіленген мәндерден ауытқуы мейлінше аз болу үшін шәйнекті мезгіл-мезгіл қыздыруды тоқтатып, температураны өлшеп, қажет болған жағдайда қосымша қыздыруды қосады, сөйтіп, температураны белгіленген мәндерге дейін бірқалыпты көтереді. Бұл шәйнек конструкциясының ерекшелігі.



Сіздің құралыңызды пайдалану кезінде өрттің, электр токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс істеген кездегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электр құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды қатаң сақтаңыз.



**Назар аударыңыз!** Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

# ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

- Шәйнекті тек суды қыздыру үшін қолданыңыз. Шәйнекті ешқашан басқа сұйықтықтармен толтырмаңыз
- **Шәйнекті ешқашан суық қоспаңыз**
- Толтыру үшін тек таза, суық ауыз суын пайдаланыңыз.
- Шәйнекті қабырғаның маңына, бөлменің бұрышына, аспалы панельдердің немесе ас үй шкафтарының астына қоймаңыз.
- Шәйнекті тек тегіс, ыстыққа төзімді және құрғақ беттерге қойыңыз.
- Шәйнекті max 1.7 белгісінен жоғары және min 0.5 L белгісінен төмен толтырмаңыз. Егер шәйнек артық толса, су қайнаған кезде шүмектен ағып кетеді.
- Салбырап тұрған шнурлар қайғылы оқиғалардың себебі болуы мүмкін, әсіресе егер шнурды балалар тартса. Шәйнекті жұмыс бетіне мүмкіндігінше үстелдің / жұмыс бетінің шетінен алысырақ қою ұсынылады.
- Қыздыру кезінде шәйнектің қақпағы жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- Шәйнек қуат көзі тұғырында тұрған кезде шәйнекке ешқашан су құймаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған кезде шәйнекті ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балаларды құралмен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Шәйнектің корпусына қол тигізбеңіз (себебі қосқаннан кейін ол қызып кетеді) және қолыңызды шүмектен және қақпақтың астынан шығып жатқан будың үстінен ұстамаңыз Шәйнекті тек тұтқасынан ұстаңыз.
- Шәйнекте ыстық су болған кезде, су құйғанда немесе қақпақты ашқан кезде, қосымша қауіпсіздік үшін қолыңызды шүмектен қауіпсіз қашықтықта ұстау ұсынылады.
- Шәйнектен суды біртіндеп төгіп тастаңыз. Ішінде қайнаған су бар екенін ұмытпаңыз.
- Шәйнектің корпусында, қуат көзі тіреуішінде, желілік сымында немесе айырда, сонымен қатар жұмысында ақаулық бар болса, оны пайдаланбаңыз.
- Шәйнекті жылу көзінің жанына немесе тікелей күн сәулесі түсетін жерге қоймаңыз (құрылғының корпусы зақымдалуы мүмкін).
- Шәйнектің қуат көзі шнурына, қуат көзі сымы мен ашасына су кірмеуін бақылаңыз
- Шәйнекті басқа қуат көзі тіреуішіне, сонымен қатар тіреуішті басқа шәйнекке қолданбаңыз.
- Шәйнекті тіреуіште қайнатқаннан кейін аз мөлшерде су мөлшерінің (1 г дейін) пайда болуына рұқсат етіледі, бұл құрылғының жұмысы кезінде будың конденсациясының салдары болып табылады.

# ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

- Аспапты пайдалану «Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану ережелеріне» сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аспап тек тұрмыста пайдалануға арналған. Құралды коммерциялық мақсатта ұзақ уақыт пайдалану оның шамадан тыс жүктелуіне әкелуі мүмкін, соның нәтижесінде ол зақымдануы мүмкін немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.
- Құрал осы Нұсқаулыққа сәйкес тағайындалуы бойынша ғана пайдаланылуы тиіс.
- Құралды қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият және толығымен оқып шығыңыз.
- Құралды іске қосар алдында әр кезде оны қарап байқап шығыңыз. Құралдың және желілік шнурдың зақымдануы болған жағдайда құралды розеткаға қоспаңыз.
- Егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері болса, құлағаннан кейін құралды пайдаланбау дұрыс болады. Пайдаланар алдында, аспапты білікті маман тексеріп шығуы тиіс.
- Егер сіз құралдың жұмыс істеу қабілетіне сенімді болмасаңыз, оны пайдаланбаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құралды қараусыз қалдырмаңыз! Құрылғыны пайдаланбаған кезде әрқашан тоқтан суырыңыз.



**Назар аударыңыз! Аспапты ванналар, шұңғылшалар немесе сумен толтырылған басқа ыдыстар маңында пайдаланбаңыз.**

- Ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты ылғал қолмен ұстамаңыз. Аспап суланған жағдайда, оны лезде желіден ажыратып қойыңыз.
- Аспап суға түскен жағдайда, оны тез арада желіден өшіріңіз. Бұл ретте қолдарыңызды ешқашан суға батырмаңыз. Аспапты қайталап пайдаланар алдында, оны білікті маман тексеруі керек.
- Аспапты тек қана айнымалы ток (~) көзіне қосыңыз. Қосар алдында, аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналғанына көз жеткізіңіз.
- Аспап тек жерге қосылған желіге қосылуы мүмкін. Сіздің қауіпсіздіңізді қамтамасыз ету үшін, жерге қосу электртехникалық нормаларға сәйкес келуі керек. Бейстандартты қуат көздерін немесе іске қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құралды желіге қосу алдында ол сөндірулі күйде екеніне көз жеткізіңіз.
- Құралды үй-жайдан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде оны үнемі желіден өшіріңіз.
- Құралды желілік жетектен ұстап, тасымалдауға болмайды. Сонымен қатар құралды желілік сымнан ұстап тұрып желіден ажыратуға тыйым салынады. Құралды желіден өшірген кезде штепсельдік вилканы ұстаңыз.
- Пайдаланудың ұзақ мерзімдік үзілісі кезде құрылғыны зауыттық қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құрал мен желілік сым олар ыстықтың, тікелей күн сәулесінің және ылғалдың әсеріне түспейтіндей сақталуы тиіс.

- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Шнурды ауысыруды ек білікті мамандар - сервистік орталықтың қызметкерлері іске асыра алады. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Аспапқа жөндеуді жөндеу бетінше жүргізбеңіз.
- Жөндеу тек қана сервистік білікті мамандар жүргізілуі қажет.
- Құралды жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Жинақтың құрамына кірмейтін қосымша аксессуарларды пайдалану сіздің кепілдік құқығыңыздан айырады.



**Назар аударыңыз!** Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығарып тастамаңыз. Аспапты одан әрі кәдеге жарату үшін, мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осылай қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**PWK 1746CAD WIFI IQ Home** - POLARIS маркасының электрлік тұрмыстық шәйнегі

Кернеу: 220-240 В

Жиілігі: ~50-60 Гц

Қуаттылығы: 1850-2200 Вт

Қорғау сыныбы: I

Көлемі: 1.7 л

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударады деп үміттенеді.

# СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.

Аспап құрастырылымы КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы», сонымен қатар КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» талаптарына сәйкес келеді.



**Бұйымның қызмет көрсету мерзімі:**

3 жыл

**Бұйымға кепілдік мерзім:**

36 ай

Дайындалған күні нәлде көрсетілген.

## **Өндіруші:**

НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД,

№ 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэзцян Провинциясы, ҚХР

MANUFACTURER: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED,

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

## **Импорттаушы және өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі**

### **Уәкілетті өкілі:**

"ЭйджиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, I-үй-жай 13-бөлме

## **Қытайдағы зауытта өндірілген:**

ZHEJIANG SMAL INTELLIGENT MANUFACTURING CO., LTD

No.737-1, Xinjian North Road, Yuyao City, Zhejiang Province, China

ДЖЕДЗЯНГ СМОЛ ИНТЕЛЛИДЖЕНТ МАНУФЕКТУРИНГ КО., ЛТД

№.737-1, Ксиньдзянь Норф Роуд, Юяо Сити, Джедзянг Провинсе, Қытай

# КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

**Бұйым:** Электрлік тұрмыстық шәйнек

**Модель:** PWK 1746CAD WIFI IQ Home

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одақтың мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).
2. Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
3. Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;
  - Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;
  - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
  - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
  - Өңдеу бөлшектерінің, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандарының, қоқыс жинағыштардың, белбеулердің, щеткалардың және пайдалану мерзімі шектеулі өзге де бөлшектердің тозуына;
  - Авторландырылған сервистік орталықтар\* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;
  - Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларына.
4. Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, өндіруші кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
5. Бұл кепілдік тек жеке тұрмыстық қажеттіліктерге арналған бұйымдарға жарамды және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттарға пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

**Назар аударыңыз!!** Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған сервистік орталықтардың мекенжайлары Компания сайтында: [www.polaris.ru](http://www.polaris.ru)

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін. Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

